

**Бекітемін:**  
**«Әсем» бөбекжай**  
**балабақша менгерушісі**  
**Ә.Т.Дөнен**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы «Әсем» бөбекжай балабақша**

**Топ: ересек «Ботақан» топ**

**Балалардың жасы: 4 жастан.**

**Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Наурыз	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</li><li>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</li><li>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып аруды, еңбектеу мен өрмеледі, жеке мәдени-</li></ul>

	<p>гигиеналық дағдылары жетілдіру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дene шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</li> <li>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;</li> <li>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p><b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; онға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшаш ұстau және жақын тұру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p><b>Аяққа арналған жаттығулар.</b></p> <p>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшени, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшени айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқаның ұстінен бір қырымен жүру.</p> <p>Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бұгіп, екі</p>
--	---

аяқты кезек көтеру.

**Спорттық жаттығулар.**

**Велосипед тебу:** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу.

**Жүзу:** суға тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.

**Қимылды ойындар.**

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруды бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.

Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ая-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.

### **Өзіне-өзі қызмет көрсете дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсете дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.

### **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**

Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.

### **Өзіне-өзі қызмет көрсете дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсете дағдыларын: өз бетінше киіну мен

	<p>шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен жедетілген бөлмеде дene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;</li> <li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуда дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуда жаттықтыру.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқының өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпактар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің</p>

дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.

### **Сөздік қор.**

Балаларды қазақ халқының қонақжайлышың дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бүйрықрайымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысуышы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бүйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың,

		ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
Көркем әдебиет		<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;</li> <li>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналauғa, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.</li> </ul> <p>Шешендейкке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
Қазақ тілі		<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасаудағыларын қалыптастыру;</li> <li>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</li> </ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімелесу қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету.</p> <p>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуғе, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу</p>

мәнерін өз бетінше қолдану.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ, ү, ұ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.

### **Сөздік қор.**

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.

Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер күра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен

		заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
	Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзben өлшеу, қолмен ұсташа арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;</li> <li>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</li> <li>- сынни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</li> <li>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>Геометриялық фигурандар.</b></p> <p>Балаларды геометриялық фигурандарды (дөңгелек, ушбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы</p>

		бойынша тең).
Сурет салу		<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.</li> </ul> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
Жапсыру		<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоршаган ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;</li> <li>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.</li> </ul> <p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Мүсіндеу		<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;</li> </ul>

	<p>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
	<p><b>Музыка</b></p> <p>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелдеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Кысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p>

Әуендең таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

### **Музыкалық-ырғақты қимылдар.**

Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.

### **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шұлы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабанды әуендерді ойнау.

### **Билер.**

Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.

Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу,

		атрибуттармен би қымылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
Құрастыру		- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (кубі, мес, келі, тостаған, ожau, астau, дiрмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жұn, жіp, асық, қaғaz, тeрi, кенep, мата, дeннiң тұрлерi) жeне қалдық (қaқпақтың тұrлерi, пластиk, қораптар, kіp қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан тұrlı композиция жасауға ыntаландыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекiлiкке сүйене отырып жeне құрастыратын материалдарды өз бетiнше таңдал, ойдан құрастыруға мүмкiндiк беру.
Коршаған ортамен танысу		- ересектердің eңбегi, оның қoғамдық өmірдегi рөlі туралы, жалпы қabyлданған нормалар мен ережелер негізінде құrдастарымен жeне ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы bіlіmдеріn кеңeйтү;

- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;
- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.

**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын менгеруіне ықпал ету.**

Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сырттай қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әнгімесіне араласпау, өз өтінішін сырттай түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуда.

Әдіскер:

**А.А.Сулейменова**